

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Қостанай облысы Денисов ауданы Тобыл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 шілдеде № 5727 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы Тобыл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы Тобыл ауылдық округі әкімінің 28.10.2015 № 3 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Денисов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынысы негізінде Тобыл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қостанай облысы Денисов ауданы Глебовка ауылы мекенжайында орналасқан «Тобольское-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мал шаруашылығының кешені аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. «Денисов ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Денисов аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Денисов аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) ұсынылсын анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралары жүргізілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі
КЕЛІСІЛДІ

Т о б ы л а у ы л д ы қ

И. Щуришин

«Денисов ауданы әкімдігінің
ветеринария бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің басшысы
----- В.В. Шерер

2015 жылғы «26» маусым

«Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Денисов
аудандық аумақтық инспекциясы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы
----- Қ.Г. Исмағұлов

2015 жылғы «26» маусым

«Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігі Тұтынушылардың
құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай
облысы тұтынушылардың құқықтарын
қорғау департаментінің Денисов аудандық
тұтынушылардың құқықтарын қорғау
басқармасы» республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысының м.а.
----- С.В. Бакиев

2015 жылғы «26» маусым